



«АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТИҢ
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

INDEPENDENT AGENCY FOR
ACCREDITATION AND RATING

ЕСЕП

«Шымкент көпсалалы колледж» жеке мекемесінің институционалдық аккредиттеу стандарттарының талаптарына сәйкес бағалауы бойынша 2018 жылы 16 сәуір мен 18 сәуір аралығында өткен сыртқы эксперттік комиссияның жұмыс нәтижелері туралы

Шымкент 2018

АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ
Сыртқы эксперттік комиссия

*АРТА Аккредиттеу кеңесіне
арналған*

АРТА
Аккредиттеу және рейтингтің
тәуелсіз агенттігі

«Шымкент көпсалалы колледж» жеке мекемесінің институционалдық аккредиттеу стандарттарының талаптарына сәйкес бағалауы бойынша 2018 жылы 16 сәуір мен 18 сәуір аралығында өткен сыртқы эксперттік комиссияның жұмыс нәтижелері туралы

ЕСЕП

МАЗМҰНЫ

(I) БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАРДЫҢ ТІЗІМІ	3
(II) КІРІСПЕ	4
(III) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ӨКІЛДІГІ	5
(IV) СЫРТҚЫ ЭКСПЕРТТІК КОМИССИЯ САПАРЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ	8
(V) АЛДЫҢҒЫ АККРЕДИТТЕУ РӘСІМІНІҢ СИПАТТАМАСЫ	10
(VI) МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІ	10
6.1 «Миссия және стратегиялық мақсаттар» стандарты	10
6.2 «Әкімшілік және басқару» стандарты	12
6.3 «Білім беру бағдарламалары» стандарты	14
6.4 «Мұғалімдер» стандарты	16
6.5 «Студенттер» стандарты	18
6.6 «Ресурстар: материалдық-техникалық, ақпараттық және білім беру» стандарты.....	20
(VII) ӘРБІР СТАНДАРТ БОЙЫНША ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕГЕ/ КҮШТІ ЖАҚТАРЫНА ШОЛУ ЖАСАУ	22
(VIII) САПАНЫ ЖАҚСARTУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАРҒА ШОЛУ ЖАСАУ	23
(IX) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫН ДАМУ БІЛІМ БЕРУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАРҒА ШОЛУ ЖАСАУ	23
1 Қосымша. «МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН БЕЙІНДЕГІ ПАРАМЕТРЛЕР» бағалау кестесі	24

арта

(I) БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАРДЫҢ ТІЗІМІ

- МЖМБС – Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары
- ҚМА – Қорытынды мемлекеттік аттестаттау
- МҰ – Медициналық ұйымдар
- ТжКБ – Техникалық және кәсіби білім беру
- ЖОБ – Жұмыс оқу бағдарламалары
- ЖОЖ – Жұмыс оқу жоспары
- ТОБ – Типтік оқу бағдарламалары
- ТОЖ – Типтік оқу жоспары
- КТЖ – Күнтізбелік-тақырыптық жоспар
- СМЖ – Сапа менеджменті жүйесі
- ОЖ – Оқыту жұмысы
- ӨО – Өндірістік оқыту
- КТ – Кәсіби тәжірибе
- ББ – Білім беру бағдарламасы
- ОӘК – Оқу-әдістемелік кешен
- ПОӘК – Пәннің оқу-әдістемелік кешені
- ЦӘК – Циклдік әдістемелік комиссия
- ДК – Дербес компьютерлер
- АКТ – Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
- ПҚ – Педагогикалық құрам
- ПҚ – Педагогикалық қызметкерлер
- СанЕмН – Санитарлық ережелер мен нормалар
- ФАП – Фельдшерлік-акушерлік пункт
- ӘЭП – Әлеуметтік экономикалық пәндер
- ЖБП – Жалпы білім беру пәндері
- ЖГП – Жалпы гуманитарлық пәндер

(II) КІРІСПЕ

1.03.2018 жылдан бастап қолданысқа енгізілген АРТА №20-18-ОД бұйрығына сәйкес, ТЖКБ қызметінің түрі бойынша «Шымкент көпсалалы колледж» жеке мекемесінде 2018 жылы 16 сәуір мен 18 сәуір аралығында сыртқы эксперттік комиссияның сапары өтті. Білім беру бағдарламасына сәйкес: 0301013 «Фельдшер», 0301023 «Акушер» біліктілікті 0301000 «Емдеу ісі»; 0302043 «Жалпы тәжірибелік мейірбике» біліктілікті 0302000 «Мейірбике ісі»; 0304023 «Тіс дәрігері» біліктілікті 0304000 «Стоматология»; 0305013 «Медициналық зертханашы» біліктілікті 0305000 «Зертханалық диагностика»; 0306013 «Фармацевт» біліктілікті 0306000 «Фармация» мамандықтары бойынша АРТА институционалды және мамандандырылған аккредиттеу стандарттарына бағалау жүргізілді.

1. **Комиссия төрағасы** - Катпенова Сауле Атантаевна, «Қостанай медициналық колледжі» МКҚК директоры Қостанай қ. (Қостанай);
2. **Шетелдік сарапшы** - Сактанова Тамара Султановна, Қырғызстандағы «Гаудеамус» оқу-білім орталығының, медициналық оқу орындарының өкілі (Бішкек, Қырғызстан);
3. **Сарапшы** - Нурланова Рысты Берекеловна, «Республикалық жоғары медициналық колледжі» ЖШС кеңесшісі, «Қазақстан медициналық колледждер одағы» оқу-әдістемелік кеңесінің төрағасы (Алматы);
4. **Сарапшы** - Смакова Сауле Социаловна, «Медициналық-техникалық колледж» ЖШС СМЖ жетекшісі (Астана);
5. **Сарапшы** - Жандилдина Роза Каиржановна, «Қостанай облысының Арқалық медициналық колледжі» МКҚК директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары (Арқалық);
6. **Сарапшы** - Юсупова Турсунбуби Хайпбековна, «Шелек медициналық колледжі» ЖШС директоры (Шелек);
7. **Сарапшы** - Байбекова Бахытжан Кабдошевна, ДСБ ШЖҚ «Медициналық колледжде» «Гигиенадағы санитарлық-гигиеналық зерттеу әдістемесі» пәнінің мұғалімі, Алматы қаласының Денсаулық сақтау басқармасы (Алматы);
8. **Жұмыс беруші** - Раймбекова Хатира Абдешовна, «№3 Шымкент қалалық емханасы» МКҚК аға мейірбикесі (Шымкент);
9. **Студент** - Адикадир Ербол Куатжанулы, «Емдеу ісі» мамандығының 4 курс студенті, «Авиценна» медициналық колледжі (Шымкент);
10. **Агенттіктен бақылаушы** - Джакенова Алиса Сатбековна, Агенттіктегі медициналық жобалардың жетекшісі (Астана).

Сыртқы эксперттік комиссияның есебі АРТА критерийлеріне сәйкес келетін білім ұйымының ұсынған білім беру бағдарламасының бағалауынан, білім беру бағдарламасын ары қарай жетілдіру бойынша сыртқы эксперттік комиссияның ұсыныстарынан және білім беру бағдарламасы профилінің параметрлерінен тұрады.

(III) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ӨКІЛДІГІ

Шымкент көпсалалы колледжі 2012 жылдың қаңтарында ашылды. 5 жыл арасында колледж: 0302043 «Жалпы тәжірибелік мейірбике» біліктілікті 0302000 «Мейірбике ісі» мамандығы бойынша – 853 маман, 0301013 «Фельдшер» біліктілікті 0301000 «Емдеу ісі» мамандығы бойынша – 809 маман, 0306013 «Фармацевт» біліктілікті 0306000 «Фармация» мамандықтары бойынша – 242 маман шығарды. 3 жылғы шығарылым – 1904 маманды құрады.

Қазақстан Республикасы, Оңтүстік Қазақстан облысы, 160017, Шымкент қаласы, әл-Фараби ауданы, Шараф Рашидов көшесі, 36 үй., телефон/факс 8 (7252) 50-34-72, e-mail: smpk2013@mail.ru, колледж сайтының мекен-жайы www.smpk.kz.

Өкілетті мекеме – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі.

Меншік түрі – жеке мекеме.

Негізгі қызметі – білім беру.

Колледждің қызметі төмендегі құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады:

- ОҚО Әділет департаменті мен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің 9 қаңтар 2017 жылы бекіткен «Шымкент көпсалалы колледж» жеке мекемесінің жарғысы;
- Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын келісімдерді тіркеу туралы 23.01.2012 жылғы №2012-1958-21-У-е куәлігі;
- Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын келісімдерді тіркеу туралы 09.01.2017 жылғы №2012-1958-21-У-е куәлігі.

Колледждің білім беру қызметі Қазақстан Республикасының «Лицензиялау туралы» 9 бабына сәйкес, 2012 жылдың 1 қарашасынан бастап № KZ11LAA00008151 мемлекеттік лицензия негізінде, Оңтүстік Қазақстан облысының білім беру саласын басқару бойынша Департаменті, білім және ғылым саласын басқару бойынша Комитеті, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі берген 2017 жылғы 7 ақпандағы білім беру қызметі үшін лицензияға қосымша негізінде келесі мамандықтар бойынша жүзеге асырылады:

0301013 «Фельдшер» біліктілікті 0301000 «Емдеу ісі»;

0301023 «Акушер» біліктілікті 0301000 «Емдеу ісі»;

0306013 «Фармацевт» біліктілікті 0306000 «Фармация»;

0302043 «Жалпы тәжірибелік мейірбике» біліктілікті 0302000 «Мейірбике ісі»;

0304023 «Тіс дәрігері» біліктілікті 0304000 «Стоматология»;

0305013 «Медициналық зертханашы» біліктілікті 0305000 «Зертханалық диагностика».

Колледждегі оқыту ақылы түрде жүзеге асырылады және ол оқу ақысын толық өтейді. 2017-2018 оқу жылындағы білім алушылар саны 3056 адамды құрады және толық оқу ақысын төледі. Осы оқу жылында қабылданған студенттер – 1089 адам, олардың ішінде мемлекеттік тілде – 959 адам, орыс тілінде – 130 адам білім алады. Оқыту тілі – қазақ, орыс. Оқыту күндізгі форма бойынша негізгі орта және жалпы орта білім беру негізінде жүргізіледі.

Колледж 2017 жылы пайдалануға берілген жалпы ауданы 6875,8 м² болатын 5 қабатты ғимаратта орналасқан. Оқу алаңы 4246,4 м² тұрады. Бір студентке 2,7 м² келеді, бұл санитарлық нормалар мен қауіпсіздік ережелердің талаптарына сәйкес келеді.

Өкімшілік қабатта құрылымдық бөлімшелердің кабинеттері мен 105 орынға арналған конференция залы бар. Ағымдағы оқу жоспарымен қарастырылған туыс пәндер мен мамандықтар бойынша біріктірілген кабинеттер мен зертханалар ұйымдастырылған және жұмыс істейді. Дене шынықтыру және сауықтыру шаралары ауданы 530,8 м² болатын спортзалда өтеді, ол душпен және ұлдар мен қыздарға арналған шкафтармен жабдықталған. Колледж ауласында БӘД сабағы өтетін алаң бар.

Болашақ мамандарды клиникалық дайындау кезінде ең маңызды құрылымы болып симуляциялық, фантомдық оқыту әдісін қолдану болып табылады. Ол арнайы

фантомдармен және манекендермен жабдықталған жай ғана кабинет емес. Ол тәжірибелік дағдылар мен іс-әрекеттер жасалып, оқу-әдістемелік жұмыстар жүзеге асырылатын және оқыту технологиясы сынақтан өтетін колледждің оқу-әдістемелік бөлімшесі. Осы мақсатпен колледжде 2017-2018 оқу жылында 2 симмуляциялық оқыту орталығы ашылды, олар колледж студенттеріне тәжірибелік дағдыларды бағалау бойынша жұмыстарды жүзеге асырып қана қоймай, клиникалық іс-қимылдарға дейінгі әрекетті де атқаруға мүмкіндік береді. Симмуляциялық орталықтың біреуі оқу ғимаратының 3-қабатында орналасқан, ол 11 кабинеттен тұрады: ішкі аурулар пропедевтикасы – 1, мейірбике технологиясы – 2, акушерлік және гинекология – 2, хирургиялық аурулар – 2, балалар аурулары – 1, апаттар медицинасы – 1, ішкі аурулар – 1, дерматовенерология, жұқпалы аурулар – 1. Екінші симмуляциялық орталық 1-қабатта орналасқан, ол 8 кабинеттен тұрады: мейірбике технологиясы – 1, акушерлік және гинекология – 1, хирургиялық аурулар – 1, балалар аурулары – 1, ішкі аурулар – 1, медициналық жедел жәрдем көрсету – 1, рәсімдеу бөлмесі – 1, физиотерапия бөлмесі – 1.

Колледжде жеке өзінің клиникалық базасы бар: «ДОЛАНА-БҰЛАҚ» медицина орталығы төменде көрсетілген қызмет түрлерін ұсынады:

1. Балаларға арналған амбулаторлық-емханалық көмек келесі мамандықтар бойынша жүргізіледі:

- Кеңес-диагностикалық көмек
- Невропатология
- Педиатрия

2. Ересектерге арналған амбулаторлық-емханалық көмек келесі мамандықтар бойынша жүргізіледі:

- Кеңес-диагностикалық көмек
- Урология
- Гинекология
- Кардиология
- Терапия
- Невропатология

3. Ересектерге және (немесе) балаларға арналған амбулаторлық-емханалық көмек келесі мамандықтар бойынша жүргізіледі:

3.1 Кеңес-диагностикалық көмек

- Зертханалық диагностика
- Жалпы клиникалық
- Диагностика
- Ультрадыбыстық

3.2 Алғашқы медициналық-санитарлық көмек

- Білікті
- Алғашқы көмек

Өзінің клиникалық базасының болуы студенттерге медициналық жабдықтармен жұмыс істеу дағдыларын меңгеруге, командалық жұмыста дағдыларын дамытуға, науқастарды емдеуге, бақылауға және күтім жасауға мүмкіндік береді.

Оқу ғимаратының сол жақ қанатында 78 студентке арналған жатақхана бар.

Колледж 60 орынға арналған асханамен қамтамасыз етілген. 2017 жылдың 25 тамызынан бастап №2 келісімшартқа сәйкес тағам дайындау мақсатында ас үйді жеке кәсіпкер Касымов Бахрон Хайтмуратовичке жалға берілді. Ас үйде және асханада барлық қажетті болатын негізгі және қосалқы бөлмелер, құрал-жабдықтар бар. Осының бәрі студенттерге, мұғалімдерге және қызметкерлерге әр түрлі ыстық тамақтармен және кондитер өнімдерімен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Асхананың қызметі колледждің медициналық қызмет көрсету бөлмесінің мейірбикесімен және Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің Оңтүстік Қазақстан облысындағы тұтынушылардың құқығын қорғау Департаментімен бақыланады.

Ауданы 37,3 кв.м болатын медициналық қызмет көрсету бөлмесі бірінші қабатта орналасқан, ол ауданы 14,2 кв.м болатын емдеу бөлмесінен және 23,1 кв.м аумақты қамтитын амбулаторлық ауруларды қабылдайтын бөлмеден тұрады, ол «Денсаулық сақтау нысандарына арналған санитарлық-эпидемиялық талаптар» негізінде Санитарлық ережелерді бекіту туралы Қазақстан Республикасының ұлттық экономика министрінің орынбасарының №127 бұйрығына сәйкес 2015 жылдың 24 ақпанынан бастап жұмыс істейді. Студенттерге медициналық қызмет көрсетуді №4 «Шымкент қалалық емханасы» және «Сұңқар» клиникасы жүргізеді.

Колледждің оқыту базасында арнайы пәндер бойынша 28 кабинет, 21 оқу аудиториясы және 7 зертхана бар. Кабинеттер мен зертханалар барлық санитарлық-гигиеналық талаптарға, білім алушылар санына сәйкес келеді, қажетті оқу құралдары мен тиісті жиһаздармен жабдықталған, тәжірибелік және зертханалық жұмыстар орындау кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауға мүмкіндік береді. Клиникаға дейінгі тәжірибе мен зертхананың барлық бөлмелері болашақ маманның жұмыс орнына барынша жақын етіп жабдықталған.

Колледж ақпараттық ресурстармен қамтамасыз етілген және жоғарғы жылдамдықтағы Интернет желісіне қосылған. Колледждің базасында колледждің ақпараттық-техникалық орталығы әзірлеген өзінің www.smpk.kz сайты жұмыс істейді. Колледжде 3 компьютерлік сыныптан тұратын тестілеу орталығы, информатика кабинеті, жоғарғы интернет желісіне қосылған конференция залы және оқу залы бар. Жалпы білім беру, кәсіби және арнайы пәндерді оқыту шеңберінде 5 интерактивті тақталар қолданылады. 2018 жылы «Кітапхана ісі» бағдарламасы сатып алынды, ол кітапхана қорын толық автоматтандыруға және электронды кітапхана құруға мүмкіндік берді. Интерактивті тақта конференция залында орнатылған, сондықтан әрбір іс-шара презентация, бейнебаяндар мен оқыту фильмдерін көрсетумен өтеді.

Компьютерлік технологиялар студенттерді тестілеу кезінде, сондай-ақ электрондық және қағаз түріндегі ақпарат құралдарында әдістемелік материалдарды құру, оқу үрдісінде, жаңа материалды және тәжірибелік сабақтарды зерттеу кезінде кеңінен пайдаланылады.

Медициналық білім алу саласындағы әлеуметтік серіктестік жұмыс берушілердің, қызметкерлердің медициналық мүдделеріне, колледждің МҰ байланысын нығайтуға бағытталған. Денсаулық сақтау басқармасымен, медициналық мекемелермен және жергілікті ұйымдармен әлеуметтік серіктестікті дамыту және нығайту мақсатында «Шымкент көпсалалы колледж» келесі бағыттар бойынша бірлесіп жұмыс атқарады: білікті мамандардың дайындығын жорамалдау, оқытуда науқастың қажеттіліктеріне бағдарланған тәсілдерді қолдану, оқу ұйымы мен МҰ арасындағы қарым-қатынасты жетілдіру. Осындай тәжірибеде келесі серіктестіктердің түрлері жиі қолданылады: шынайы жұмыс орнында студенттерді тәжірибелік оқыту, студенттердің аттестаттауына жұмыс берушілердің қатысуы, іс-шараларды бірігіп өткізу, оқушылармен және ата-аналармен кездесу, колледж бойынша экскурсия ұйымдастыру, мамандықпен таныстыру, жұмыстардың жәрмеңкесі, демеушілік көмек.

Тәжірибелік оқытудың барлық түрлерін сапалы өткізу үшін осы ағымдағы оқу жылында қаланың және облыстың 57 медицина ұйымымен келесімшарттар қайта жасалды. Енгізілетін оқыту элементтері білім беру үрдісінде Оңтүстік Қазақстан облысының медицина ұйымдарына белсенді және толыққанды қатысушылар болуға мүмкіндік береді, білім беру мазмұнына және халыққа медициналық көмек көрсету сапасына әсер етеді. Жыл сайын, қаланың және облыстың медицина ұйымдарының бірінші жетекшілерінің қатысуымен жұмыстар жәрмеңкесі өтеді. Жұмыс барысында түлектерді жұмысқа орналастыру бойынша 2 жақты келесім жасалады. Бас дәрігермен кездесу кезінде жас мамандардың құқықтарын қорғау және әлеуметтік кепілдікпен қамтамасыз ету туралы сұрақтар шешіледі. Жыл сайын, әрбір түлектің кәсіби қызметке дайындығын анықтау мақсатында «Шымкент көпсалалы колледж» жеке мекемесі мен

әлеуметтік серіктестер арасында түлектердің дайындық сапасын бақылау бойынша мониторинг жүргізіледі.

Негізгі МҰ тәжірибелік дайындықты сапалы өткізу үшін қажетті жағдайлар жасалған, сондықтан медицина ұйымы колледж студенттері үшін 19 оқу бөлмесін бөлген: №4 «Облыстық балалар ауруханасы» (1), Облыстық перинаталдық орталық (1), №2 Шымкент қалалық перзентханасы (1), №3 Шымкент қалалық емханасы (1), №4 Шымкент қалалық емханасы (1), №5 Шымкент қалалық емханасы (1), №8 Шымкент қалалық емханасы (1), №10 Шымкент қалалық емханасы (1), №11 Шымкент қалалық емханасы (1), №2 «Қалалық балалар ауруханасы» (1), «Дау мед» клиникасы (3), «Сұңқар» клиникасы (1).

Колледждегі іс-қағаздар жұмысы екі тілде жүргізіледі. Жұмыстардың номенклатурасы «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда типтік ережелерді құжаттандыру және құжаттарды басқаруға» сәйкес жасалады (Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігінің 2014 жылғы 22 желтоқсандағы №144 бұйрығы). Іс-қағаздар жұмысы Шымкент қаласының мұрағат және құжаттар басқармасымен тексеріледі.

Колледжде студенттерді әлеуметтік қолдау бойынша студенттердің өздерінің қатысуымен белсенді түрде өткізілетін жүйелі жұмыстар жүргізіледі. Колледжде оқуға төлем жүргізудің ыңғайлы жүйесі қарастырылған, сондай-ақ жағдайы төмен, көп балалы, жетім, ата-ана қамқорлығынсыз қалған студенттерге әлеуметтік қолдау жасау жүйесі жұмыс істейді. Сонымен қатар, осындай санатты студенттерге оқуға төлем жүргізуде жеңілдіктер қойылған. 100%, 50%, 30%, 20%, 10% жеңілдік бойынша есептеу кезеңінде 53 студент білім алууда.

1 кесте. Мамандықтар бойынша түлектерді жұмыспен қамту

№	Біліктіліктің аталуы	2017 жыл		
		Түлектердің жалпы саны	Олардың ішінде жұмысқа орналасқандар	Мамандық бойынша %
1	0301000 – Емдеу ісі	276	212	77%
1.1	0301013- «Фельдшер» біліктілігі	276	212	77%
1.2	0301023- «Акушер» біліктілігі	-	-	-
2	0302000 –Мейірбике ісі	291	212	73%
2.1	0302043 - «Жалпы тәжірибелік мейірбике» біліктілігі	291	212	73%
3.	0306000 «Фармация»	76	61	81%
	БАРЛЫҒЫ	643	485	76%

(IV) СЫРТҚЫ ЭКСПЕРТТІК КОМИССИЯ САПАРЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Сыртқы эксперттік комиссияның жұмысы «Шымкент көпсалалы колледж» жеке мекемесіндегі білім беру бағдарламасының институционалды және мамандандырылған аккредиттеуі бойынша эксперттік комиссия сапарының Бағдарламасы негізінде 2018 жылы 16 сәуір мен 18 сәуір аралығында жүзеге асырылды.

Білім беру бағдарламасының сапасы, колледждің барлық инфрақұрылымы, өзін-өзі бағалау туралы есептердің мазмұнын нақтылау туралы объективті ақпарат алу үшін келесі өкілдермен кездесу өтті: директор, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, директордың өндірістік ісі жөніндегі орынбасары, педагог-психолог, кадр бөлімінің бастығы, кафедра меңгерушілері, әдіскер,

бас есепші, мұғалімдер, студенттер, түлектер, жұмыс берушілер және студенттердің ата-аналары. Кездесуге 1596 адам қатысты.

2 кесте. Кездесуге келген қатысушылардың саны мен санаттары туралы ақпараттар

<i>Қатысушылардың санаттары</i>	<i>Саны</i>
Директор	1
Директордың орынбасарлары	4
Бөлімше жетекшілері	5
Бас есепші	1
Кадр бөлімінің басшысы	1
Мұғалімдер	92
Студенттер	1400
Түлектер	52
Жұмыс берушілер, әлеуметтік серіктестер	25
Студенттердің ата-аналары	15
Барлығы	1596

1. Сыртқы эксперттік комиссияның жұмысы барысында колледждің инфрақұрылымына визуалды тексеру жүргізілді: оқу аудиториялары, 3 компьютер сыныбы бар тестілеу орталығы, кітапхана, оқу залы, спорт залы, медициналық пункт, арнайы пәндердің кабинеті қосылған 2 симмуляциялық орталық, клиникаға дейінгі тәжірибе кабинеттері, 60 орынды асхана, жеке өзінің клиникалық базасы – «ДОЛАНА-БҰЛАҚ» медицина орталығы, сондай-ақ дәрілік заттарды бөліп сатуды жүзеге асыратын фармацевтикалық қызметтегі (мемлекеттік лицензиясы 05.03.2018 жылдан бастап енгізілген) дәріхана. Сондай-ақ, аккредиттеу бойынша білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын бөлімдердің, кафедралардың құжаттары тексерілді. Аккредиттеу бағдарламасындағы тәжірибелік оқытудың базаларына сапар жасалды.

2. Колледж оқу, өндірістік және кәсіби тәжірибе өткізу үшін Шымкент қаласының 57 емдеу-профилактикалық мекемесінің, сондай-ақ дәріханалық және стоматологиялық ұйымның жетекшілерімен келісімшарт жасалды. Негізгі МҰ тығыз байланыс орнатылған. Медициналық білім алу саласындағы әлеуметтік серіктестік жұмыс берушілердің медициналық мүдделеріне, колледж бен МҰ арасындағы байланысты нығайтуға бағытталған. Медициналық мекемелер мен колледж арасындағы әлеуметтік серіктестікті дамыту және нығайту мақсатында келесі бағыттар бойынша бірлескен жұмыстар атқарады: білікті мамандардың дайындығын жорамалдау, оқытуда науқастың қажеттіліктеріне бағдарланған тәсілдерді қолдану, оқу ұйымы мен МҰ арасындағы қарым-қатынасты жетілдіру. Осындай тәжірибеде келесі серіктестіктердің түрлері жиі қолданылады: шынайы жұмыс орнында студенттерді тәжірибелік оқыту, студенттердің аттестаттауына жұмыс берушілердің қатысуы, іс-шараларды бірігіп өткізу, оқушылармен және ата-аналармен кездесу, колледж бойынша экскурсия ұйымдастыру, мамандықпен таныстыру.

МҰ тәжірибелік дайындықты сапалы өткізу үшін қажетті жағдайлар жасалған, сондықтан медицина ұйымы колледж студенттері үшін 19 оқу бөлмесін бөлген: №4 «Облыстық балалар ауруханасы» (1), Облыстық перинаталдық орталық (1), №2 Шымкент қалалық перзентханасы (1), №3 Шымкент қалалық емханасы (1), №4 Шымкент қалалық емханасы (1), №5 Шымкент қалалық емханасы (1), №8 Шымкент қалалық емханасы (1), №10 Шымкент қалалық емханасы (1), №11 Шымкент қалалық емханасы (1), №2 «Қалалық балалар ауруханасы» (1), «Дау мед» клиникасы (3), «Сұңқар» клиникасы (1), «Дентал Ард» жеке стоматологиялық орталығы (1), «Мурат стом» жеке стоматологиялық орталығы (1), «Ер фарм» дәріханасы (2), «ЭКО фарм» (1).

Тәжірибелік оқытудың барлық түрлерін сапалы өткізу үшін қаланың және облыстың 57 медицина ұйымымен келесімшарттар қайта жасалды.

Сарапшылар тәжірибелік базаларға сапары кезінде МҰ материалдық-техникалық базасымен танысты, студенттердің кәсіби тәжірибелері өтетін әкімшіліктік кешендерге және мамандандырылған бөлімдерге барды. Сыртқы эксперттік комиссия мүшелерімен бас дәрігерлер, бас және аға мейірбикелер, бөлім меңгерушілері кездесіп, оларға студенттер мен тәжірибенің жүргізілу барысына қойылатын талаптар туралы айтты. Жұмыс берушілер тәжірибелік дайындық базаларында (МҰ) оқу-өндірістік тәжірибе барысында тек жұмыс орнын ұсынып қана қоймай, сондай-ақ жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламалардың мазмұнына өзгерістер енгізуге белсенді қатысады және студенттердің білімін, дағдылары мен қабілеттерін бағалайды. Тәжірибелік базаларға барған кезде колледж студенттерінің өндірістік тәжірибеден өткені туралы дәлелдер алынды. Өндірістік тәжірибеден өту кезінде колледж директоры мен МҰ жетекшілерінің бұйрығымен жалпы және тікелей жетекшілер (тәлімгер) тағайындалады. Колледждің студенттері мен түлектері туралы МҰ жетекшілерінің пікірі оң нәтиже берді. Көптеген бөлімдерде «Шымкент көпсалалы колледж» жеке мекемесінің түлектерінің жұмыс істеуі мамандардың сапалы дайындығының дәлелі болып табылады.

Сыртқы эксперттік комиссия мүшелері келесі тәжірибелердің клиникалық базаларына барған болатын: Дау-мед клиникасы, Облыстық балалар ауруханасы, №3 емхана, Облыстық перинаталдық орталық, Облыстық патологиялық бюро.

Бас дәрігердің орынбасарымен кездесу өтті, әңгімелесу кезінде клиниканың әкімшілігі колледжбен тығыз байланыста жұмыс істейтіндігі белгілі болды. Көптеген дәрігерлер тәжірибелік сабақтарды өздерінің жұмыс орындарында өткізеді, ББ жүзеге асыруға белсенділік танытады, студенттер мен түлектердің білім сапасы мен дағдысын бағалауға қатысады.

Облыстық патологиялық бюрода «Фельдшер» біліктілікті «Емдеу ісі» мамандығының 2 курс студенттері «Патологиялық анатомия және физиология» пәні бойынша тәжірибелік сабаққа және мәйітті ашуға қатысты.

Колледждің студенттері №3 емханада кәсіби тәжірибеден өтті.

Облыстық перинаталды орталықта «Мейірбике ісі» мамандығының студенттері дипломға дейінгі тәжірибеден өтті.

Колледждегі клиникалық базалардың әр түрлі бөлімдерінде (терапевттік, балалар бөлімі, емхана, ММКО, қабылдау бөлімі және т.б.) жұмыс істейтін Шымкент көпсалалы колледждің түлектерімен (52 адам) сауалнама жүргізілді.

Олар Сыртқы эксперттік комиссия мүшелерімен жұмыстағы табыстары, өздерінің жетістіктері туралы бөлісті, колледж қабырғасында алған білімдері үшін алғыс білдірді.

Сыртқы эксперттік комиссия мүшелері колледж базасындағы теориялық және тәжірибелік сабақтарға қатысқан болатын: «Фармакология», «Экономикалық фармация негіздері», «Тіс техникалық материалтану», «Биология», «Дәрілік формалардың әдістемелері», «Аналитикалық химия», «Мейірбике ісі негіздері», «Анатомия». Қатысқан сабақтардың талдауы бойынша мұғалімдер сабақ жоспары мен күнтізбелік-тақырыптық жоспарға, сондай-ақ бекітілген жұмыс бардарламасы мен ОӘК ие екендігі көрсетілді. Жалпы, барлық сабақтар әдістемелік деңгейде өткізілді.

(V) АЛДЫҢҒЫ АККРЕДИТТЕУ РӘСІМІНІҢ СИПАТТАМАСЫ

Бұрын бұл оқу мекемесінде аккредиттеу өткізілмеген.

(VI) МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІ

6.1 «Миссия және басшылық» стандарты

Дәлелді бөлім

Колледждің миссиясы мен даму стратегиясы өзара бір-бірімен келісілген, орнықты ресурстарға, еңбек нарығының қажеттіліктеріне және ҚР білім беру саясатына ие.

Колледж өзінің миссиясын «Еңбек нарығының талаптарына сәйкес медициналық көмек көрсете алатын кәсіби, білікті, бәсекеге қабілетті мамандарды дайындау» арқылы анықтайды.

• **Стратегиялық мақсат:** 2018 жылғы ҚР СТ ИСО 9001-2009 талаптарына сәйкес сапа менеджменті жүйесін жасау және енгізу, 2018 жылы сертификаттау ұйымдарында ҚР СТ ИСО 9001-2009 талаптарына сәйкес сапа менеджменті жүйесін сертификаттау, МЖМБС талаптарына сәйкес келетін сапалы білім берудің қолжетімділігін қамтамасыз ету, бәсекеге қабілетті маманды дайындау, инновациялық оқыту технологияларын оқу үрдісінде қолдану, арнайы пәндер бойынша мұғалімдерді, мейірбикелерді дайындау үшін денсаулық сақтау саласында тәжірибесі бар мұғалімдерді тарту, халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

Колледжді дамыту бойынша миссияны, мақсаттар мен міндеттерді анықтау негіздері мыналардан тұрады: 2011-2020 жылдарға арналған білімді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасының ережелері, 2020 жылға дейінгі ҚР Стратегиялық даму жоспары, 2020 жылға дейінгі ҚР мейірбике ісінің кешенді даму жоспары, ҚР Президентінің – ұлт лидері Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан – 2050 стратегиясы құрылған мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауы.

Колледждің болжамы мен миссиясы жаңадан енгізілетін бағдарламалық құжаттар мен ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауына байланысты түзетулер енгізіледі.

Колледждің стратегиялық даму жоспары білім беру қызметінің тұрақты дамуы мен бәсекеге қабілеттіліктің өсуіне бағдарланған. Стратегиялық даму шеңберінде колледждің миссиясы, мақсаттары мен міндеттері педагогикалық кеңес отырысында талқыланды және бекітілді (31.08.2016 жылдан бастап №1 хаттама).

Колледжде миссияны, мақсаттар мен міндеттерді қолдау механизмдерін жасауға жеткілікті көңіл бөлінеді. Колледждің мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыру бойынша негізгі құжаттар: колледждің стратегиялық даму жоспары, педагогикалық Кеңес жұмысының жоспары, әдістемелік кеңес жұмысының жоспары, тәрбие жұмысының жоспары, ЦӘК жұмысының жоспары. Олардың барлығы тамыз айында Педагогикалық кеңестің жыл сайынғы отырысында бекітіледі.

Ұйым «нәтижелілік» және «тиімділік» көрсеткіштері арқылы өз стратегиясының сәтті жүзеге асырылуын бағалау үшін, зерттеу үрдісін жасау және енгізу негізінде, өзінің қызметі туралы ақпаратты жүйелі түрде жинайды, толықтырады және талдайды, сондай-ақ барлық бағыттар бойынша өзіне-өзі бағалау жүргізеді.

Колледж миссиясының, болжамы мен стратегиялардың тұжырымдамасы колледждің жекелігі мен даралығын көрсетеді.

Студенттер контингентінің ерекше қажеттіліктері ішінен психологиялық-педагогикалық қолдау, жан-жақты жеке даму мен рухани-адамгершілік тәрбие тұжырымдамаларын атап өтуге болады. Барынша қолдайтын және дамитын, психологиялық ыңғайлы органы құру бойынша ұжымның жұмысы үлкен көлемге ие.

Сонымен қатар, 44 адам қатысқан (83 % ЖЖЖ-ң жалпы санынан) мұғалімдердің сауалнамасы осы Стандартқа сәйкес келетін колледждің бағалауы жеткілікті деңгейде екендігі көрсетілді.

Мысалы, колледж миссиясының оқу бағдарламаларындағы көрінісі, олардың ойынша, жақсы деңгейде екендігі айтылды (100%); мұғалімдердің басқару және стратегиялық шешімдерге араласу жұмысын 100% респондент бағалады.

Аналитикалық бөлім

Колледж қызметінің берілген Стратегияның критерийлеріне сәйкестігін талдау барысында қойылған мақсаттар мен міндеттерге жетудегі нақты стратегиялық,

тактикалық және жедел жоспарлаудың маңыздылығын түсіну, осы ұйымдағы кешенді даму жүйесінің болуы және оны үнемі жетілдіріп отыру әкімшілік-басқару ұжымының (ӘБҰ) үлкен тәжірибесін көрсетеді.

Колледждің негізгі ерекшелігі барлық мүдделі тұлғалардың өкілдерді, оның ішінде студенттер мен жұмыс берушілерді топты бағалау және жоспарлау үрдісіне тарту бойынша жұмыстағы жүйелілік болып табылады.

Күшті жақтары/үздік тәжірибе

✓ Колледждің миссиясы мен стратегиясы өзара келісілген;

✓ Ұйым «нәтижелілік» және «тиімділік» көрсеткіштері арқылы өз стратегиясының сәтті жүзеге асырылуын бағалау үшін, зерттеу үрдісін жасау және енгізу негізінде, өзінің қызметі туралы ақпаратты жүйелі түрде жинайды, толықтырады және талдайды, сондай-ақ барлық бағыттар бойынша өзіне-өзі бағалау жүргізеді.

Жалпы, берілген Стандарт бойынша ұйымның қызметі ұсынылған критерийлерге сәйкес келеді. Бірақ, осы талдау деректері бойынша, колледждің миссиясы мен стратегиясының нәтижесін қарау барысында, жетілдіру жұмыстарына сәйкес келетін өткен жылдардың қабылданған нақты шешімдері көрсетілмеген.

Ұйымның сандық көрсеткіштерінің стандарттың критерийлеріне сәйкестігі:

Критерийлер бойынша сыртқы эксперттік комиссияның қорытындысы (күшті/-16, қанағаттанарлық/-0, жақсартулар жобаланады/-0, қанағаттанарлықсыз-0)

6.2 «Әкімшілік және басқару» стандарты

Дәлелді бөлім

Колледждің басқару жүйесі миссияны, болжамды және стратегияны жүзеге асыруға бағытталған. Колледждің басқару жүйесі ҚР «Білім туралы» Заңына (13.02.2012 жылғы толықтырулар мен өзгертулер бойынша), ҚР Білім және ғылым министрлігінің нормативтік-құқықтық құжаттарына, колледж Жарғысына және ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады:

- Педагогикалық кеңес туралы ереже;
- Бөлімдер туралы ереже;
- Әдістемелік кабинет туралы ереже;
- Кафедра туралы ереже;
- Маманды дайындаудың колледжішілік бақылау сапасы туралы ереже;
- Оқу кабинеті туралы ереже;
- Студенттердің кәсіби тәжірибесі туралы ереже;
- Жұмыспен қамту туралы ереже;
- Оқу үрдісін ұйымдастыру туралы ереже;
- Пәннің оқу-әдістемелік кешені туралы ереже;
- Мұғалімнің портфолиосы туралы ереже;
- Студенттердің ағымдық бақылауын, аралық және қорытынды аттестаттауын жүргізу туралы ереже;
- Сынып жетекші туралы ереже;
- Студенттік кеңес туралы ереже;
- Кітапхана туралы ереже;
- Студенттерге арналған ішкі тәртіп ережелері;
- Қызметкерлердің еңбек тәртібі туралы ереже;
- Тәрбие жұмысы туралы ереже;
- Бірінші курс студенттерінің бейімделуі туралы ереже;
- Тәлімгерлік туралы ереже;
- Жас маман мектебі туралы ереже;
- Психологиялық қызмет туралы ереже;

- Медициналық пункт туралы ереже;
- Оқу сабақтарына қатысу туралы ереже;
- Озық педагогикалық тәжірибені жалпылауды ұйымдастыру туралы ереже;
- Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық;
- Жұмыспен қамту орталығы туралы ереже.

Басқарудың тиімділігі жоспарлаудың, мониторинг пен есептің айқын көп сатылы жүйесі арқылы қамтамасыз етіледі. Колледждің ұйымдастыру құрылымы мен басқару жүйесі тиімді жұмыс істейді, колледж алдындағы барлық міндеттерді шешуге мүмкіндік береді. Колледж өзінің қызметін демократиялық қағидалар, басқарудағы көшбасшылық және қызметкерлер мен студенттердің оқу үрдісіне араласуы негізінде құрады.

Басшылықтың әр түрлі деңгейлері арасындағы міндеттерді функционалдық бөлу колледж қызметінің барлық негізгі бағыттарын қамтиды және оның даму стратегиясын тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Колледж басшылығы құрылымдық бөлімшелер арасындағы берік байланысты жүзеге асырады. Құрылымдық бөлімшелердің жылдық жоспарлары оқу жылына арналған жоспарлаудың Циклограммасына сәйкес талқыланады және бекітіледі.

Колледж мониторинг жүргізеді және аралық аттестаттау, қорытынды аттестаттау және басқа да іс-шаралардың нәтижелері туралы ақпаратты жүйелендіреді, олар жарты жылдық және жылдық есептерде көрініс табады.

Сарапшылар тобы колледждің сыртқы ортадағы өзгерістерге жедел әрекет етуге мүмкіндік беретін ұйымдастырушылық құрылымның икемділігін атап өтті.

Айтылған оң жағдайлармен қатар, **колледждегі басшылық пен менеджменттің кейбір бағыттары бойынша ескертулер бар.**

Мысалы, ұйымның және оның қызметінің жекелеген түрлерінің мүмкін болатын тәуекелдерін анықтау, талдау, бағалау және оның алдын-алу механизмдері жетілдірілмеген.

Колледжде мұғалімдер, қызметкерлер мен студенттер мүдделерінің қанағаттандыру деңгейін зерттейтін, анықтайтын және оған талдау жүргізетін механизмдер бар. Студенттердің мүдделерін қанағаттандыру нәтижесі асхананың, спорт залының, 2 симуляциялық орталықтардың, жеке өзінің клиникалық базасының және дәріхананың ашылуы болып табылады.

Сыртқы эксперттік комиссия сапарының шеңберінде өткізілген, осы Стандарт бойынша қанағаттанған мұғалімдердің сауалнамасының нәтижелері:

- әкімшілік тарапынан сіздердің табыстарыңыз бен жетістіктеріңізді мойындау – **82,6 % қанағаттанған;**
- колледж әкімшілігінің қызметіне **95,7 % қанағаттанған;**
- басқару қызметінде қабылдау шешімдеріне қатысу – **95,7 % қанағаттанған;**
- колледж әкімшілігі мен басшылыққа қатысты сынды қабылдау – **95,5 % қанағаттанған;**
- респонденттердің бағалауы бойынша басшылықпен бірге ЖЖЖ-ң кері байланыс деңгейіне **98,9 % қанағаттанған;**

106 адам қатысқан (жалпы санынан % үлесте) студенттердің сауалнамасы осы Стандарттың критерийлеріне сәйкес келетін колледждің бағалауы оң деңгейде екендігі көрсетілді.

Мысалы, оқу үрдісіне қатысты мұғалімдердің кері байланысқа жедел әрекет етуіне **97,3 % респондент қанағаттанған.**

- «Осы мамандықты сәтті аяқтау үшін қойылатын талаптар туралы ақпараттандыру» деңгейіне **98,7 % респондент қанағаттанған.**

- колледж басшылығының қол жетімділігі мен жауапкершілігіне **100 % респондент «толық қанағаттанған».**

Аналитикалық бөлім

Колледжде жоспарлау, даму және тұрақты жетілдіру жүйесі бола тұра, оның кейбір механизмдері жетілдірілмеген. Мысалы, сыртқы эксперттік комиссияның сарапшылары оқу үрдісінің басқа қатысушыларының (мұғалімдер, жұмыс берушілер) мүдделерін қанағаттандыру сапасын ары қарай жетілдіру бойынша механизмдердің жетілдірілмегенін атап өтті.

Күшті жақтары/үздік тәжірибе

Ұйым ұсынады:

- ✓ ұйымдық құрылым мен құжаттардың өзінің миссиясы мен даму стратегиясының жұмысына сәйкестігі;
- ✓ студенттер, мұғалімдер және ата-аналар үшін жетекшілер мен әкімшіліктің ашықтығы және қол жетімділігі.

Критерийлер бойынша сыртқы эксперттік комиссияның қорытындысы (күшті/қанағаттанарлық/жақсартулар жобаланады/қанағаттанарлықсыз)

Жалпы, ұйым қызметі осы Стандартқа сәйкес ұсынылған критерийлерге сәйкес келеді.

Ұйымның сандық көрсеткіштерінің стандарттың критерийлеріне сәйкестігі:

***Күшті жақтары – 13, қанағаттанарлық – 0,
жақсартулар жобаланады – 0, қанағаттанарлықсыз – 0***

6.3 «Білім беру бағдарламасы» стандарты

Дәлелді бөлім

Колледжде үшінші білім беру бағдарламасы бойынша дайындық жүргізілуде. Білім беру бағдарламалары 2010, 2013, 2016 жылдардағы МЖМБС сәйкес жасалған.

Колледждің білім беру бағдарламасы бойынша жасайтын құжаты ЖОБ, оқу үрдісінің кестесінен, сабақтардың кестесінен, пәндердің жұмыс оқу бағдарламаларынан, күнтізбелік-тақырыптық жоспардан, кәсіби тәжірибенің бағдарламаларынан тұрады.

Колледжде білім беру бағдарламасының мазмұны мамандықтар бойынша типтік оқу жоспарына сәйкес жасалады. Колледж мамандықтардың ЖОЖ жасау кезінде кәсіби оқу бағдарламасын меңгеруге арналған оқыту уақытының жалпы көлемін сақтай отырып, пәндердің циклдері үшін оқыту уақытының көлемін 30%-ға дейін өзгертті (МЖМБС рұқсат етілген нормаларына сәйкес).

Барлық мамандықтар бойынша жұмыс оқу жоспарлары әдістемелік кеңес отырысында қаралып, колледж директорымен бекітілген.

Колледж басшылығы ББ колледждің миссиясы мен студенттердің өтініштеріне сәйкестігі туралы қорытындыны колледж түлектері жұмыс істейтін жұмыс берушілердің пікірлері негізінде жасайды.

Колледжде кәсіби дайындыққа ерекше көңіл бөлінеді: дәрістер, жалпы кәсіби және арнайы пәндер бойынша тәжірибелік сабақтар, өндірістік оқыту, кәсіби тәжірибе.

Колледж студенттерінің тәжірибесінің түрлері: оқыту тәжірибесі, өндірістік оқыту және кәсіби тәжірибе. Кәсіби тәжірибені ұйымдастыру және өткізу үшін колледж бен қаланың және облыстың 57 медициналық ұйымдарымен серіктестік туралы ұзақ мерзімді келісімшарт жасалды.

Білім беру мазмұны шеңберіндегі әлеуметтік серіктестермен тиімді байланыстың маңыздылығы ББ қатысты колледж басшылығының түсінігі мамандарға қойылатын заманауи талаптарды ескере отырып, бағдарламалар мен оқу жоспарларын ұйымдастыру және қалыптастыру кезінде серіктестерді тарту фактісі растайды.

Ал сыртқы эксперттік комиссия жұмысының барысында бірнеше кемшіліктер анықталды:

- Есепте және сыртқы эксперттік комиссия жұмысының барысында түлектердің қорытынды аттестаттауын өткізу кезінде инновациялық формалар мен әдістерді жетілдіру туралы ақпарат ұсынылмады.

АРТА Сыртқы эксперттік комиссия жұмысының барысында мұғалімдердің сауалнамасы мыналарды көрсетті:

- ББ мазмұны қанағаттандырады: өте жақсы – 57,6%, жақсы – 41,3%;
- ББ мазмұнына колледж басшылығының назары - 100 % респондент;
- студенттердің колледжде алатын білімінің еңбек нарығының талаптарына сәйкестігіне 100 % респондент қанағаттанған;
- ББ студенттердің жағдайды талдау және болжамды құру дағдысын қалыптастыру жұмысына 100 % респондент қанағаттанған;

Аналитикалық бөлім

Кәсіби оқытудың бағдарламасын жасау кезінде әлеуметтік серіктестердің қатысуы ғана емес, сондай-ақ тәжірибелік денсаулық сақтау мамандарына қойылатын талаптарды ескере отырып, серіктестерді тәжірибелік дағдылар мен біліктілік стандарттарын ұйымдастыру және дайындау жұмыстарына тарту маңызды болып табылады.

Стандарттың критерийлеріне дәлелді базалардың сәйкестігін зерттеу және талдау қорытындылары бойынша сыртқы эксперттік комиссия сарапшылары келесі тұжырымдар жасады: материалдық-техникалық жабдықталудың жоғары деңгейі мен ЖЖЖ-ң кәсіби әлеуеті кезінде ББ тұрақты жақсарту және дамыту механизмдері жетілдірілмеген.

Сарапшылардың пікірі бойынша:

- «Мамандандыру» модулі «Емдеу ісі» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасын жүзеге асыру кезінде, денсаулық сақтаудың басым бағыттарын ескере отырып, тәжірибелік денсаулық сақтау базасымен бірге 216 сағаттық көлем өтелуі керек;
- Студенттердің кәсіби біліктілігін жетілдіру және тәжірибелік дағдылар мен қабілеттіліктерді қалыптастыру үшін симмуляциялық орталықтың жұмысына әлеуметтік серіктестіктерді тарту қажет.

Күшті жақтары/үздік тәжірибе

- ✓ ББ құрылымы студенттердің жеке қабілеттерін ескере отырып, олардың кәсіби біліктілігін дамытуға ықпал ететін қызметтің түрлерін қарастырады;
- ✓ ББ меңгеру үшін қолданылатын оқу құралдары мен бағдарламалар медициналық ұйымдарда қолданылатын құралдарға сәйкес келеді;
- ✓ Жұмыс тәжірибесі бар мамандарды арнайы пәндерді және тәжірибелік оқытуды жүргізу үшін штатқа шақыртады;
- ✓ Ұйым оқыту тіліне тәуелсіз, барлық студенттерге тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді;
- ✓ Ұйым студенттердің кәсіби біліктілігінің, дағдысы мен білімдер кешенінің қалыптасқандығын көрсетеді.

Сыртқы эксперттік комиссияның ұсыныстары

- ✓ Білім беру бағдарламасына инновацияны енгізудің үрдісін жетілдіру;
- ✓ Ынталандырудың әр түрлі формаларын қолдана отырып, студенттердің ғылыми-зерттеу қызметінің ынталандыру механизмдерін жетілдіру.

Критерийлер бойынша сыртқы эксперттік комиссияның қорытындысы (күшті/қанағаттанарлық/ жақсартулар жобаланады/ қанағаттанарлықсыз)

Жалпы, ұйым қызметі осы Стандартқа сәйкес ұсынылған критерийлерге сәйкес келеді.

Ұйымның сандық көрсеткіштерінің стандарттың критерийлеріне сәйкестігі:

**Күшті жақтары – 18, қанағаттанарлық – 1,
жақсартулар жобаланады – 1, қанағаттанарлықсыз – 0**

6.4. «Мұғалімдер» стандарты

Дәлелді бөлім

Колледждің кадрлық құрамы ҚР МЖМБС талаптарына сәйкес іріктелген. 2015-2016 оқу жылындағы мұғалімдердің жалпы саны – 123, олардың ішінде штаттық мұғалімдер – 79 (64,2%), қосымша істеушілер – 44 (35,7%). 2016-2017 оқу жылындағы мұғалімдердің жалпы саны – 124, олардың ішінде штаттық мұғалімдер – 89 (71,7%), қосымша істеушілер – 35 (28,3%). 2017-2018 оқу жылындағы мұғалімдердің жалпы саны – 124, олардың ішінде штаттық мұғалімдер – 87 (70,1%), қосымша істеушілер – 37 (29,9%).

Аккредиттеу кезіндегі сапалы құрам: ғылым кандидаттары – 2, магистрлар – 6, жоғары мейірбикелік білімі бар – 5, жоғары санатты – 11 адам (12,6%), бірінші санатты – 10 адам (11,5%).

Колледждің құрылымы, іріктеу тәжірибесі және оны зерттеу, кадрларды қабылдау және бөлу, сапалы резервті қалыптастыру білім беру тапсырмаларын шешу бойынша тиімді қызмет үшін қажетті жағдайларды жасауға бағытталған.

Колледж мұғалімдеріне қойылатын біліктілік талаптары «Мұғалімдер мен оларға теңестірілген тұлғалардың типтік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығына сәйкес анықталады.

Кадрларды іріктеу және бөлу іскери және кәсіби қасиеттерге байланысты жүзеге асырылады. Пәндер бойынша мұғалімдерді бөлу диплом бойынша олардың біліктілігіне сәйкес жүзеге асырылады.

Әкімшілік тарапынан жас мұғалімдерге ерекше көңіл бөлінеді: колледжде Жас маман мектебі жұмыс істейді, тәлімгерлік ұйымдастырылған, бағдарламаның мазмұны мен білім беру үрдісін ұйымдастыруда, теориялық және тәжірибелік материалдарды меңгеру кезінде көмек көрсетеді.

Нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес инженер-педагогикалық қызметкерлердің жылдық жүктемесі анықталған. Жүктемеге оқыту пәні бойынша жалпы сағаттың саны, кеңес беру мен емтихандар, кураторлық, кабинетті меңгеру кіреді. Оқу жүктемесі оқу журналында, мұғалімнің оқу-әдістемелік және тәрбие жұмыстарының есептерінде көрініс табады.

Оқу жылының басында мұғалімдер «Жеке жұмыс жоспарын» жасайды, олар циклдық әдістемелік комиссия отырыстарында талқыланады.

Колледждің ЖЖЖ сәйкес біліктілікті жетілдіру жүйесі үш деңгейде жүзеге асырылады:

а) білімнің даму қарқынын және педагогикалық, әдістемелік кеңес отырыстарындағы білім беру үрдісінің жаңа педагогикалық технологияларын, әдістері мен формаларын зерттеу арқылы жүзеге асырылатын кадрларды колледжішілік оқыту;

б) ЖЖЖ біліктілігі әдістемелік семинарларға, қалалық, республикалық және халықаралық деңгейдегі ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысу арқылы жетілдіріледі;

в) ҚР мен қаланың деңгейінде ұйымдастырылатын арнайы және кәсіби курстарға қатысу арқылы біліктілікті жетілдіру. Соңғы 3 жылдағы біліктілікті жетілдіру курстары: Алматы қаласындағы «Өрлеу» БАҰО АҚ, «LD Ot –logos» атты Республикалық оқыту және дамыту орталығы, «Заманауи жаңа білім беру технологиялары» атты Білім мекемесінде жаңа технологияларға оқыту орталығы.

Оқыту сапасын бағалаудың негізгі механизмі сабақтарға қатысу болып табылады, ол үш деңгейде жүзеге асырылады: бірінші деңгей – колледж басшылығының қорытынды сабақтарға қатысуы (директор, директордың орынбасарлары); екінші деңгей – бөлім меңгерушілері мен әдіскердің сабақтарға қатысуы; үшінші деңгей – өзара сабаққа қатысу.

2015-2016 оқу жылындағы жоғары және бірінші біліктілік санаты бар мұғалімдер – 21,8%, 2016-2017 оқу жылында – 34,1%, 2017-2018 оқу жылында – 29,8% құрады.

Сонымен қатар, колледж сайтында ЖЖЖ сапалы құрамы туралы дербес деректер көрсетілмеген.

АРТА Сыртқы эксперттік комиссия сапары барысында өткізілген ЖЖЖ сауалнамасы мыналарды көрсетті:

Колледжде төмендегілерді қамтамасыз етуге мүмкіндіктер бар:

- инновациялық қызметтің жеңілдетілген жүйесіне **98,9% қанағаттанған;**
- кітапханада мұғалімдер үшін қажетті ғылыми және оқу әдебиеттерінің болуына **100% қанағаттанған;**
- мұғалімдердің оқыту үрдісінде өзінің инновациясын қолдануына **100% қанағаттанған;**
- әлеуеттің үздіксіз дамуына арналған мүмкіндіктер **100% қанағаттанған;**
- ынталандыру деңгейі мен жас мамандарды тарту **100% қанағаттанған;**
- біліктілікті жетілдіру бойынша жұмысқа **100% қанағаттанған;**

Аналитикалық бөлім

Стандарттың критерийлеріне дәлелді базалардың сәйкестігін зерттеу және талдау қорытындылары бойынша сыртқы эксперттік комиссия сарапшылары келесі тұжырымдар жасады. Колледж жеткілікті ұйымдастыру құрылымы мен жоғары кадрлық әлеуетке ие бола тұра:

- ақпараттық-әдістемелік қолдаудың, мониторингтің және мұғалімдердің үздіксіз кәсіби деңгейін (озық педагогикалық шеберлікті жалпылау) қолдаудың ішкі жүйесін жеткіліксіз қалыптастырған;
- мониторинг және оларды қолданудың (оң педагогикалық тәжірибені зерттеу, жалпылау және тарату; авторлық оқу-әдістемелік өнімдерді жасау және тарату) тиімділігін бағалау негізінде оқытудың инновациялық технологияларын және инновациялық әдістерді енгізудің механизмдері дұрыс жасалмаған.

Күшті жақтары/үздік тәжірибе

- ✓ Ұйым ББ мүдделерін талдау негізінде кадрларды іріктеу жүйесін көрсетеді. Кадрларды іріктеу және бөлу үміткерлердің іскери және кәсіби қабілеттерін ескере отырып, бекітілген рәсімдер негізінде жүзеге асырылады.
- ✓ Пәндер бойынша мұғалімдерді бөлу диплом бойынша олардың біліктілігіне және жұмыс тәжірибесіне сәйкес жүзеге асырылады, барлық кадрлық рәсімдер айқындалған;
- ✓ Колледж жас мұғалімдерді дамыту бойынша мақсатты қызметтерді жүзеге асырады («Жас маман мектебі»);
- ✓ Педагогикалық ұжым кәсіби ұйымның өміріне белсенді қатысады.

Сыртқы эксперттік комиссияның ұсыныстары

- ✓ мониторинг және оларды қолданудың тиімділігін бағалау негізінде оқытудың заманауи инновациялық технологияларын және инновациялық әдістерді енгізу жүйесін жалғастыру;
- ✓ мұғалімдердің ақпараттық-әдістемелік қолдау жүйесін жетілдіру (білім берудің басқа ұйымдарымен тәжірибе алмасу).

Критерийлер бойынша сыртқы эксперттік комиссияның қорытындысы (күшті/қанағаттанарлық/ жақсартулар жобаланады/ қанағаттанарлықсыз)

Жалпы, ұйым қызметі осы Стандартқа сәйкес ұсынылған критерийлерге сәйкес келеді.

Ұйымның сандық көрсеткіштерінің стандарттың критерийлеріне сәйкестігі:

***Күшті жақтары – 10, қанағаттанарлық – 1,
жақсартулар жобаланады – 0, қанағаттанарлықсыз – 0***

6.5 «Студенттер» стандарты

Дәлелді бөлім

Ашық есік күндері кезінде қабылдаудың ережелері мен рәсімдері туралы ақпарат колледж сайтында, буклеттерде, брошюраларда таратылды. Талапкер қабылдау комиссиясында кеңес алуға мүмкіндігі болады, ол өзінің қызметін 1 маусымнан бастап атқарады.

Колледжде білім беру үрдісін тиімді жүзеге асыру үшін білім беру қызметін реттейтін негізгі құжаттар жасалған: колледж Жарғысы, ішкі тәртіп ережелері, оқу үрдісінің кестесі, оқу сабақтарының, үйірмелердің, секциялар мен қосымша сабақтардың кестесі.

Колледж ҚР Заңына сәйкес 52 студентке оқуға 10%, 20%, 30%, 50%, 100% жеңілдік түрінде әлеуметтік қолдау шараларын жасайды және жүзеге асырады.

Кәсіби тәжірибенің бағдарламасы техникалық және кәсіби білімнің мемлекеттік талаптарына сәйкес келеді, мамандарды дайындаудың мақсаттары мен міндеттеріне толық жауап береді. Студенттер тәжірибеден өтудің барлық кезеңдерінде тәжірибе жетекшілері тарапынан, сондай-ақ тәжірибе өту орнындағы жауапты тұлғалардың тарапынан кеңестер алады.

Колледж студенттерінің дайындық сапасына жұмыс берушілердің қанағаттануын бағалау сауалнама арқылы жүргізіледі.

Студенттердің танымдық қызметін ұйымдастыруды, шығармашылық белсенділігін арттыруды олардың сайыстарда, олимпиадаларда, конференцияларда жеткен жетістіктерінен көруге болады: «Орыс тілінен халықаралық сайыс 9-сынып «Тарих аумағы» (ұйымдастырушы – VIDEOUROKI Халықаралық жобасы) – Пердебай Улболсын II орынға ие болды, жас ғалымдар мен студенттердің халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясындағы тезистердің материалдары (ұйымдастырушы – Астана медициналық университеті) – Барат Ж. қатысқаны үшін сертификат алды, жас ғалымдар мен студенттердің халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясындағы тезистердің материалдары (ұйымдастырушы – Астана медициналық университеті) – Сайдахметова Д. қатысқаны үшін сертификат алды, Техникалық және кәсіби білім алатын студенттердің арасындағы «Жастар – білім және ғылым» I қалалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдар жинағы (ұйымдастырушы – «Қазақ технология және бизнес университеті» Астана қаласының білім Департаменті) – Сайдахмет Д. қатысқаны үшін сертификат алды, Техникалық және кәсіби білім алатын студенттердің арасындағы «Жастар – білім және ғылым» I қалалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдар жинағы (ұйымдастырушы – «Қазақ технология және бизнес университеті» Астана қаласының білім Департаменті) – Барат Ж. қатысқаны үшін сертификат алды, «Мұғалім және оқушы» форумы (ұйымдастырушы – Қазақ инженерлік-педагогикалық Халықтар достығы университеті) – Сайлаубай А. III орынға ие болды, «Мұғалім және оқушы» форумы (ұйымдастырушы – Қазақ инженерлік-педагогикалық Халықтар достығы университеті) – Сайлаубай А. қатысқаны үшін сертификат алды, Марат Оспанов атындағы БҚГМУ 60 жас мерейтойына байланысты жас ғалымдар мен студенттердің ғылыми конференциясының LVII БАҒДАРЛАМАСЫ (ұйымдастырушы – Марат Оспанов атындағы БҚГМУ) – Абай А., Ильясов М., Кыдырбай А., Мейкова Е., Тасболат Ж. қатысқандары үшін сертификат алды, облыстық олимпиада (ұйымдастырушы – Шымкент қаласының жоғары жаңа технологиялар колледжі) - Шекерова Д.В. II орынға ие болды, «Ғылым және жастар» тақырыбы бойынша ғылыми-тәжірибелік конференциядағы студенттердің материалдары (ұйымдастырушы – «Оңтүстік Қазақстан облысының әдістемелік кабинеті» атты Оңтүстік Қазақстан облысының білім департаменті) – Нұсқабай А. III орынға ие болды, «Ғылым және жастар» тақырыбы бойынша ғылыми-тәжірибелік конференциядағы студенттердің материалдары (ұйымдастырушы – «Оңтүстік Қазақстан облысының әдістемелік кабинеті» атты Оңтүстік Қазақстан облысының білім

департаменті) - Қыдырбай А. сертификат алды, «Ғылым және жастар» тақырыбы бойынша ғылыми-тәжірибелік конференциядағы студенттердің материалдары (ұйымдастырушы – «Оңтүстік Қазақстан облысының әдістемелік кабинеті» атты Оңтүстік Қазақстан облысының білім департаменті) - Төлеген А. сертификат алды, «Ғылым және жастар» тақырыбы бойынша ғылыми-тәжірибелік конференциядағы студенттердің материалдары (ұйымдастырушы – «Оңтүстік Қазақстан облысының әдістемелік кабинеті» атты Оңтүстік Қазақстан облысының білім департаменті) - Тілеуқабыл А. сертификат алды, «Ғылым және жастар» тақырыбы бойынша ғылыми-тәжірибелік конференциядағы студенттердің материалдары (ұйымдастырушы – «Оңтүстік Қазақстан облысының әдістемелік кабинеті» атты Оңтүстік Қазақстан облысының білім департаменті) - Номанов А. сертификат алды.

Студенттер республикалық, облыстық және қалалық ауқымда сайыстарға қатысып, конференциялар мен форумдарда баяндамалар жасады.

Колледж түлектерді жұмыспен қамту ісіне жан-жақты жұмыстарды жүзеге асырады. Жыл сайын түлектер «Жұмыстар жәрменкесіне» белсенді қатысады.

Жұмыспен қамту көрсеткіштері 76% құрайды, яғни мамандардың дайындық сапасының жақсы деңгейін және колледж түлектеріне деген сұранысты растайды.

Сыртқы эксперттік комиссия сапарының барысында ТЖКБ ұйымының жалпы жұмысына және кейбір қызметіне студенттердің қанағаттануына мониторинг жүргізудің механизмдері бар екендігін атап кетті.

Кері байланыс жүйесінің тиімді және сапалы жұмыс істеуі, сондай-ақ білімді бағалау нәтижелері туралы ақпаратты жедел ұсыну **АРТА Сыртқы эксперттік комиссия сапары барысында өткен студенттерден алынған сауалнама нәтижелері растайды. Қатысушылар саны – 106 адам.**

Сонымен, сауалнама нәтижелері 98,7% көрсетті, яғни студенттер өздерінің білімін, дағдысы мен қабілеттерін бағалау нәтижелері мен рәсімдеріне толық қанағаттанған.

- Мұғалімдердің қолданған бағалау критерийлерін түсіну – «толық қанағаттанған» 86 респондент, яғни студенттердің **81,1% қанағаттанған**;
- «Мұғалімдер студенттің жетістігін объективті бағалайды» – «толық қанағаттанған» 84 респондент, яғни студенттердің **79,2% қанағаттанған**;
- Мұғалімдердің объективтілігі және әділдігі – студенттердің **95,3% «толық қанағаттанған»**;
- Емтихандар мен аттестаттаудың әділдігі – студенттердің **99,1% «толық қанағаттанған»**;
- Өткізілген тесттер мен емтихандарға – студенттердің **100% «толық қанағаттанған»**;

Күшті жақтары/үздік тәжірибе

- ✓ ББ студенттер контингентін қалыптастыру саясаты және оның рәсімдерінің айқындылығы;
- ✓ Түлектерді жұмыспен қамту бойынша кешенді механизмнің болуы.

Критерийлер бойынша сыртқы эксперттік комиссияның қорытындысы (күшті/қанағаттанарлық/жақсартулар жобаланады/қанағаттанарлықсыз)

Жалпы, ұйым қызметі осы Стандартқа сәйкес ұсынылған критерийлерге сәйкес келеді.

Ұйымның сандық көрсеткіштерінің стандарттың критерийлеріне сәйкестігі:

Күшті жақтары – 11, қанағаттанарлық – 0, жақсартулар жобаланады – 0, қанағаттанарлықсыз – 0

6.6 «Ресурстар: материалдық-техникалық, ақпараттық және білім беру» стандарты

Дәлелді бөлім

Колледжде сапалы оқытуды қамтамасыз ету үшін 28 клиникалық тәжірибеге дейінгі кабинеттер, 7 зертхана, 2 симмуляциялық орталық, Интернет желісіне қосылған 16 компьютер және 40 орынды оқу залы бар кітапхана, 54 компьютермен жабдықталған 3 компьютерлік сыныптан тұратын тестілеу орталығы, 50 компьютермен жабдықталған информатика кабинеті жұмыс істейді. Жалпы колледж бойынша 160 компьютер бар, оның ішіндегі 120 компьютер студенттерге арналған, қалғаны колледждің әр түрлі бөлімдерінде орнатылған, сондай-ақ 5 интерактивті тақта бар. 2 ауысымды ескергенде оқу үрдісінде қолданылатын компьютерлер саны 12 адамға 1 компьютерден келеді. Қауіпсіздік техникасы бойынша журнал жүргізіледі. Студенттерді компьютерлік және ақпараттық ресурстармен қамтамасыз ету сапалы білім беру үрдісін жүргізу үшін жеткілікті болып табылады. Колледжде медициналық көмек көрсетуге арналған медициналық пункт жұмыс істейді. Кабинеттер мен зертханалар колледждің даму стратегияларына сәйкес, сапалы білімді қамтамасыз ету үшін қажетті құралдармен жабдықталады. Әрбір кабинеттің өзінің даму жоспары болады, ол жоспарда кабинетті жабдықтау, толықтыру және нығайту бойынша жасалатын жұмыстар кезеңмен жазылады. Колледж білім беру бағдарламасын тиімді жүзеге асыру мақсатында материалдық-техникалық ресурстарды нығайтады және жаңғыртады. Материалдық-техникалық ресурстардың даму қарқыны оң нәтиже береді. Барлық оқу аудиториялары мен кабинеттер жүзеге асырылатын білім беру бағдарламасына, біліктілік талаптарына, санитарлық-гигиеналық нормалар мен өртке қарсы қауіпсіздік техникаларына сәйкес жабдықталған. Қауіпсіздік техникасы бойынша журнал жүргізіледі. Оқу кабинеттері мен зертханалардың жалпы колледж бойынша жабдыкталуы 82% құрайды. Сайт қазақ және орыс тілінде жұмыс істейді, оқырмандарға колледж туралы толық және сапалы ақпаратты, сұрақтарға жауапты, кәсіпке бағдарлауды ұсынады, олар сайт қызметінің негізгі мақсаттары болып табылады.

Аналитикалық бөлім

«Білім беру ресурстары» стандарты бойынша оқу үрдісі үшін барлық оқытылатын пәндер бойынша студенттерді ақпаратпен қамтамасыз етуде қолжетімділік ұсынылатынын атап өтуге болады.

Оқу құралдары мен компьютерлік технологияны пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасының талаптарына жауап береді.

ББ жүзеге асыру кезінде студенттердің жеке мүдделері мен мүмкіндіктері ескеріледі. Әрбір студентке клиникаға дейінгі тәжірибе кабинеттерінде, симмуляциялық орталықтарда және клиникалық базаларда өздерінің дағдылары мен қабілеттерін жаттықтыруға мүмкіндік беріледі.

Колледжде білім берудің интернет-ресурстарына тегін кіру ұйымдастырылған, ақпараттық технологиялар енгізілген, педагогикалық ұжымның ақпараттық оқыту технологияларын жасау және қолдану жүйесіне, АКТ негіздеріне мониторинг жүргізіледі.

Кабинеттер мен зертханалардың жабдыкталуы ҚР Денсаулық сақтау және Әлеуметтік қорғау министрлігінің 29.05.2015 жылғы №423 бұйрығы «Медициналық колледждердің клиникаға дейінгі симмуляциялық кабинеттерін жабдықтау нормативтері» және «Кабинет туралы Ереже» негізінде орта медициналық және фармацевтикалық білімнің кабинеттері мен зертханаларының табельдері мен нормаларына сәйкес жүзеге асырылады. Арнайы пәндер бойынша тәжірибелік дағдыларды және қабілеттерді жаттықтыру үшін симмуляциялық орталық заманауи манекендермен, фантомдармен және муляждармен жабдықталған.

Колледжде 3 компьютер сыныбы бар тестілеу орталығы жұмыс істейді. Жалпы, колледж 160 компьютермен, 5 интерактивті тақтамен, 12 заманауи көшіру техникасымен

(үшеуде бір: принтер/ксерокс/сканер) 45 принтермен жабдықталған. Қара-ақ форматта оқу құжаттарын сканерлеу, басып шығару және көшіру келесі кабинеттерде жүзеге асырылады: директор орынбасарларының кабинеттері, информатика кабинеті, директордың қабылдау бөлмесі. Компьютерлік технологиялар студенттерді тестілеу кезінде, сондай-ақ электрондық және қағаз түріндегі әдістемелік материалдарды құру, оқу үрдісінде, жаңа материалды және тәжірибелік сабақтарды зерттеу кезінде кеңінен пайдаланылады.

Колледжде үнемі жаңартылып және жетілдіріліп отыратын www.smpk.kz веб-сайты бар. Сайтта қабылдау комиссиясының жұмысы, әкімшіліктің мүшелері, колледж тарихы, мамандықтар, жаңалықтар, сондай-ақ сабақтың кестелері, емтихандар, оқу үрдісінің кестесі туралы ақпараттарды табуға болады.

Кітапхананың кітаптар қоры 102001 данадан тұрады, олардың ішінде:

Оқу әдебиеті – 45877 дана.

1) қазақ тілінде – 34883 дана.

2) орыс тілінде – 10193 дана.

3) ағылшын тілінде – 801 дана.

Электрондық кітаптар – 42513 дана.

1) қазақ тілінде – 14437 дана.

2) орыс тілінде – 27197 дана.

3) ағылшын тілінде – 879 дана.

Медициналық колледждің кітапхана қоры жыл сайын жаңа оқу және ғылыми-медициналық әдебиеттермен толықтырылып тұрады. 2017-2018 жылы мемлекеттік және қазақ тіліндегі оқу және әдебиет құралдары 2 610 012 теңге соммаға алынды.

Күшті жақтары/үздік тәжірибе

- ББ меңгеру үшін қолданылатын оқу жабдықтары мен бағдарламалық құралдар жеткілікті деңгейде және пайдалану кезінде қауіпсіздік талаптарына жауап береді.

- Оқу орны студенттердің жеке мүдделері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, олардың негізгі және кәсіби біліктіліктерін қалыптастыруға ықпал ететін оқыту ортасын құрады.

- Колледж оқытылатын пәндер бойынша студенттердің және педагогикалық ұжымның қолданбалы дағдыларын дамыту үшін жағдай жасайды.

- Колледж ББ ақпараттық қамтамасыз ету мен материалдық-техникалық базаның даму қарқынын бағалайды.

- Колледжде санитарлық-эпидемиологиялық нормалар мен талаптарға сәйкес келетін, заманауи техникалық оқыту құралдарымен жабдықталған оқу кабинеттері мен зертханалары бар.

- Колледж қажетті мөлшерде компьютерлерге, оқу әдебиеттері мен мультимедиялық құралдарға ие.

- Білім берудің интернет-ресурстарына тегін кіру.

- ББ басшылығы ББ сипаттайтын ақпараттарды веб-ресурстарда көрсетті.

Критерийлер бойынша сыртқы эксперттік комиссияның қорытындысы (күшті/қанағаттанарлық/ жақсартулар жобаланады/ қанағаттанарлықсыз)

күшті – 17

қанағаттанарлық – 0

жақсартулар жобаланады – 0

қанағаттанарлықсыз – 0

(VII) ӘРБІР СТАНДАРТ БОЙЫНША ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕГЕ/ КҮШТІ ЖАҚТАРЫНА ШОЛУ ЖАСАУ

1. «Миссия және стратегиялық мақсаттар» стандарты

- ✓ Колледждің миссиясы мен стратегиясы өзара келісілген;
- ✓ Ұйым «нәтижелілік» және «тиімділік» көрсеткіштері арқылы өз стратегиясының сәтті жүзеге асырылуын бағалау үшін, зерттеу үрдісін жасау және енгізу негізінде, өзінің қызметі туралы ақпаратты жүйелі түрде жинайды, толықтырады және талдайды, сондай-ақ барлық бағыттар бойынша өзіне-өзі бағалау жүргізеді.

2. «Әкімшілік және басқару» стандарты

Ұйым ұсынады:

- ✓ ұйымдық құрылым мен құжаттардың өзінің миссиясы мен даму стратегиясының жұмысына сәйкестігі;
- ✓ студенттер, мұғалімдер және ата-аналар үшін жетекшілер мен әкімшіліктің ашықтығы және қол жетімділігі.

3. «Білім беру бағдарламалары» стандарты

- ✓ ББ құрылымы студенттердің жеке қабілеттерін ескере отырып, олардың кәсіби біліктілігін дамытуға ықпал ететін қызметтің түрлерін қарастырады.
- ✓ ББ меңгеру үшін қолданылатын оқу құралдары мен бағдарламалар медициналық ұйымдарда қолданылатын құралдарға сәйкес келеді;
- ✓ Жұмыс тәжірибесі бар мамандарды арнайы пәндерді және тәжірибелік оқытуды жүргізу үшін штатқа шақыртады;
- ✓ Ұйым оқыту тіліне тәуелсіз, барлық студенттерге тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді;
- ✓ Ұйым студенттердің кәсіби біліктілігінің, дағдысы мен білімдер кешенінің қалыптасқандығын көрсетеді.

4. «Мұғалімдер» стандарты

- ✓ Ұйым ББ мүдделерін талдау негізінде кадрларды іріктеу жүйесін көрсетеді. Кадрларды іріктеу және бөлу үміткерлердің іскери және кәсіби қабілеттерін ескере отырып, бекітілген рәсімдер негізінде жүзеге асырылады.
- ✓ Пәндер бойынша мұғалімдерді бөлу дипломдағы біліктілігіне немесе өндірістегі жұмыс тәжірибесіне сәйкес жүзеге асырылады, барлық кадрлық рәсімдер айқындалған;
- ✓ Колледж жас мұғалімдерді дамыту бойынша мақсатты қызметтерді жүзеге асырады («Жас маман мектебі»);
- ✓ Педагогикалық ұжым кәсіби ұйымның өміріне белсенді қатысады.

5. «Студенттер» стандарты

- ✓ ББ студенттер контингентін қалыптастыру саясаты және оның рәсімдерінің айқындылығы;
- ✓ Түлектерді жұмыспен қамту бойынша кешенді механизмнің болуы.

6. «Ресурстар: материалдық-техникалық, ақпараттық және білім беру» стандарты

- ✓ ББ меңгеру үшін қолданылатын оқу жабдықтары мен бағдарламалық құралдар жеткілікті деңгейде және пайдалану кезінде қауіпсіздік талаптарына жауап береді.
- ✓ Оқу орны студенттердің жеке мүдделері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, олардың негізгі және кәсіби біліктіліктерін қалыптастыруға ықпал ететін оқыту ортасын құрады.
- ✓ Колледж оқытылатын пәндер бойынша студенттердің және педагогикалық ұжымның қолданбалы дағдыларын дамыту үшін жағдай жасайды.

- ✓ Колледж ББ ақпараттық қамтамасыз ету мен материалдық-техникалық базаның даму қарқынын бағалайды.
- ✓ Колледжде санитарлық-эпидемиологиялық нормалар мен талаптарға сәйкес келетін, заманауи техникалық оқыту құралдарымен жабдықталған оқу кабинеттері мен зертханалары бар.
- ✓ Колледж қажетті мөлшерде компьютерлерге, оқу әдебиеттері мен мультимедиялық құралдарға ие.
- ✓ Білім берудің интернет-ресурстарына тегін кіру.
- ✓ ББ басшылығы ББ сипаттайтын ақпараттарды веб-ресурстарда көрсетті.

(VIII) САПАНЫ ЖАҚСARTУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАРҒА ШОЛУ ЖАСАУ

3. «Білім беру бағдарламалары» стандарты

- ✓ Білім беру бағдарламасына инновацияны енгізудің үрдісін жетілдіру;
- ✓ Ынталандырудың әр түрлі формаларын қолдана отырып, студенттердің ғылыми-зерттеу қызметінің ынталандыру механизмдерін жетілдіру.

4. «Мұғалімдер» стандарты

- ✓ мониторинг және оларды қолданудың тиімділігін бағалау негізінде оқытудың заманауи инновациялық технологияларын және инновациялық әдістерді енгізу жүйесін жалғастыру;
- ✓ мұғалімдердің ақпараттық-әдістемелік қолдау жүйесін жетілдіру (білім берудің басқа ұйымдарымен тәжірибе алмасу).

(IX) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫН ДАМУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАРҒА ШОЛУ ЖАСАУ

- ✓ Халықаралық серіктестікті дамытуды жетілдіру.
- ✓ Европалық білім стандарттарына бағытталған мамандардың дайындығын жетілдіру мақсатында, колледжді Жоғары колледжге қайта құру бойынша сұрақтарды қарастыру.

Қосымша 1. «МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН БЕЙІНДЕГІ ПАРАМЕТРЛЕР» бағалау кестесі

№ п/п	Бағалау критерийлері	Білім беру ұйымының ұстанымы			
		Күшті	Қанағаттанарлық	Жақсартулар жобаланалы	Қанағаттанарлықсыз
«МИССИЯ ЖӘНЕ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАР» стандарты					
1	Медициналық колледж мүдделі топтардың өкілдерін және денсаулық сақтау секторын өзінің миссиясы мен стратегиялық мақсаттарын қалыптастыруда тартады.	+			
2	Миссия мен стратегиялық мақсаттар туралы өтініш аймақтың дамуына, техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі ұлттық жүйедегі мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келеді.	+			
3	Миссия мен стратегиялық мақсаттар туралы өтініш оқу үрдісінің сипатынан тұрады, мамандығына сәйкес негізгі, кәсіби және арнайы біліктілігі бар орта медициналық білімге ие маманды дайындауға мүмкіндік береді және денсаулық сақтау жүйесінде кәсіби тапсырмаларды орындауға қабілеті болады.	+			
4	Медициналық колледж уәкілетті орган бекіткен стратегиялық даму жоспарына ие, ол қызметтің барлық түрлерін анықтайды және мыналардан тұрады:	+			
5	миссияның стратегиялық жоспарының колледждің стратегиялық мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі;	+			
6	медициналық колледж қызметінің басым бағыттары;	+			
7	күшті және әлсіз жақтарды бағалау, нарықтағы функционалдық мүмкіндіктердің дамуы және медициналық колледждің дамуына әсер ететін ішкі және сыртқы қауіптердің болуы, олардың алдын-алу механизмдері (SWOT талдау);	+			
8	қолданыстағы ресурстарды талдау және қойылған мақсаттарды іске асыру үшін олардың жеткіліктілігі;	+			
9	жұмыс берушілермен өзара әрекеттесу туралы ақпарат.	+			
10	Медициналық колледж өзінің қызметі туралы ақпаратты жинайды және талдайды, оның негізінде саясатты анықтайды және стратегиялық, тактикалық жоспарларды әзірлейді.	+			
11	Медициналық колледждің миссиясы мен стратегиялық мақсаттары үздіксіз қарастырылып отырады, мыналарды көрсету үшін:				
12	медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша техникалық, кәсіби және орта білімнен кейінгі білім стандарттары;	+			
13	қоғамның қажеттіліктері мен үміттері.	+			
14	Медициналық колледж қалыптастыру механизмін анықтайды, миссия мен стратегиялық мақсаттарды тұрақты түрде қайта қарайды, олардың орындалуын бақылау және бағалаудың тиімділігін жүйелендіреді.	+			

15	Медициналық колледждің миссиясы мен стратегиялық мақсаттары қолданыстағы ресурстарға, медициналық колледждің мүмкіндіктеріне және еңбек нарығының талаптарына сәйкес келеді.	+			
16	Медициналық колледж ресурстарға қолдау көрсету жолдарын анықтайды және қоғам үшін миссия мен стратегиялық мақсаттар туралы ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз етеді.	+			
17	Медициналық колледж миссия мен стратегиялық мақсаттардың даралығы мен ерекшелігін көрсетеді.	+			
БАРЛЫҒЫ		16	0	0	0
«ӘКІМШІЛІК ЖӘНЕ БАСҚАРУ» стандарты					
18	Медициналық колледждің ұйымдастырушылық, функционалдық және штаттық құрылымы оның миссиясы мен стратегиялық мақсаттарына сәйкес келеді.	+			
19	Медициналық колледж мұғалімдердің, студенттердің және денсаулық сақтау саласының өкілдерінен тұратын басқа да мүдделі жақтардың және алқалы басқару органдардан тұратын қоғамның қатысуын дәлелдейді.	+			
20	Медициналық колледж бюллетеньдерге жарияланатын, веб-сайттарға орналастырылатын басқару жүйесі мен қабылданған шешімдердің ашықтығын қамтамасыз етеді, танысу және орындау үшін хаттамаларға енгізіледі.	+			
21	Медициналық колледж құрылтай құжаттардың, ұйым қызметінің ішті тәртібін реттейтін құжаттардың, тарату құжаттарының болуын қамтамасыз етеді, оның ішінде:				
22	ұйымдық құрылымы бойынша және медициналық колледжді басқару туралы құжаттар;	+			
23	құрылымдық бөлімшелер бойынша жазбаша басшылық құжаттар, басқаруды қамтамасыз ету үшін олардың өкілеттігі мен жауапкершілігі;	+			
24	оқу, ғылыми және сабақтан тыс іс-шараларды басқару бойынша нұсқаулықтар.	+			
25	Медициналық колледж сертификатталған СМК болуын және оның үздіксіз жетілуін көрсетеді.	+			
26	Медициналық колледж денсаулық сақтау және қоғамдық сектормен жүйелі түрде қарым-қатынас жасайды, ол ақпарат алмасудан, серіктестіктен және ұйымдар бастамасынан тұрады.	+			
27	Медициналық колледж мұғалімдерге, студенттерге және олардың ата-аналарына арналған жетекшілер мен әкімшіліктің ашықтығы мен қолжетімділігін көрсетеді.	+			
28	Медициналық колледж мұғалімдердің, қызметкерлердің және студенттердің басқару жүйесінің қажеттілігіне қанағаттану деңгейін және өлшеу үрдісінде табылған кемшіліктердің дәлелін көрсетеді.	+			
29	Болашақ қаржыландыру жоспары медициналық колледждің миссиясы мен стратегиялық мақсаттарына сәйкес келеді және ұйымның басты қаржыландыру көздерін анықтайды.	+			
30	Медициналық колледж қаржы ресурстарын қабылдау және бөлуге бақылау жүргізу механизмін анықтайды, сондай-ақ қаржы ресурстарын тиімді пайдаланудың бағалау механизмін анықтайды	+			
31	Медициналық колледжде қаржылық есепті жүзеге асыратын тиімді механизм бар.	+			
БАРЛЫҒЫ		13	0	0	0

«БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ» стандарты					
32	Медициналық колледж нақты қалыптасқан мақсаттары бар білім беру бағдарламаларын жүзеге асырады, олар ұйымның миссиясы мен стратегиялық мақсаттарымен келісіледі және жұмыс берушілер мен қоғамның қажеттіліктері мен үміттеріне сәйкес келеді.	+			
33	Типтік және жұмыс жоспарларының құрылымы мен мазмұны, мамандықтардың типтік және жұмыс оқу бағдарламалары Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес келеді.	+			
34	Тәжірибелік сабақтардың, өндірістік оқыту мен кәсіби тәжірибенің оқу бағдарламаларының мерзімі мен мазмұны жұмыс оқу бағдарламаларына, жұмыс оқу жоспарларына және біліктілік талаптарына сәйкес анықталады.	+			
35	Оқу пәндерін үйренудің реттілігін қалыптастыру, олардың әрқайсысы үшін курстар мен семестрлерде оқу уақытын бөлу пәнаралық қатынастарды ескере отырып жүргізіледі.	+			
36	Медициналық колледж білім беру бағдарламасында негізгі биомедициналық ғылымдардың жетістіктерін анықтайды және студенттерге клиникалық білім алу және қолдану үшін іргелі ғылыми білімдерді, түсініктерді және әдістерді түсінуге көмектеседі.	+			
37	Медициналық колледж білім беру бағдарламасында әлеуметтік ғылымды, сондай-ақ білімді, ұғымдарды, қабілетті және көзқарасты қамтамасыз ететін медициналық этика мен медициналық құқықты, тиімді тілдесуді анықтайды, қоғамның мәселесін талдауда ықпал етеді, этикалық қағидаларға негізделген медициналық тәжірибені және клиникалық шешімдерді қабылдайды.	+			
38	Медициналық колледж студенттермен тәжірибелік денсаулық сақтау мекемелерінде байланыстар орнатады және науқастарға денсаулықты нығайту, аурулардың алдын алу және медициналық көмек көрсету бойынша жауапкершілікті өз мойнына алу үшін жеткілікті білім мен тәжірибелік дағдыларды иеленеді.	+			
39	Медициналық колледж студенттердің жеке білім жолының құрылу логикасын, мазмұны мен көлемін, пәндердің әсерін және студенттердің кәсіби біліктілігін қалыптастырудағы кәсіби тәжірибесін анықтайды.	+			
40	Медициналық колледж білім беру бағдарламасының жоспарын жүзеге асыруға жауапты құрылымдық бөлімше арқылы білім беру бағдарламасына инновацияны енгізеді.				+
41	Медициналық колледж студенттердің ғылыми әлеуетін дамытуға жағдай жасайды, сондай-ақ студенттердің ғылыми-зерттеу қызметін ынталандырады, ынталандырудың әр түрлі формаларын қолданады.			+	
42	Медициналық колледж мұғалімдердің, студенттердің, жұмыс берушілердің қажеттіліктері мен еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, пәндердің білім беру бағдарламаларын жаңартып отырады.	+			
43	Медициналық колледж пәндердің бағдарламаларын жүзеге асыру үшін үнемі талдаудың тиімділігін көрсетеді, соның ішінде:				
44	пәнді материалдық-техникалық қамтамасыз ету;	+			
45	пәндерді оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз ету картасы;			+	
46	оқуды акпараттық қамтамасыз ету.	+			

47	Медициналық колледждің педагогикалық ұжымы мен жұмыс берушілер білім беру бағдарламаларын жасауға және басқаруға қатысады, олардың сапасын қамтамасыз етеді.	+			
48	Медициналық колледж оқу тіліне қарамастан барлық студенттерге тең мүмкіндіктер ұсынады.	+			
49	Медициналық колледж білім беру бағдарламаларының ішкі бағалау сапасы мен сараптамасының үздіксіз, тиімді механизмін көрсетеді, оқу жоспары мен қойылған тапсырмалардың орындалуын, сондай-ақ оларды жақсарту үшін кері байланыспен қамтамасыз етеді.	+			
50	Студенттердің білім беру бағдарламаларын меңгеру сапасы медициналық колледждің тиісті қызметкерлерімен жүйелі түрде бағаланып тұрады, олар бекітілген критерийлерге сәйкес келеді және міндетті түрде студенттердің назарына жеткізіледі.	+			
51	Студенттердің білім деңгейін бағалау рәсімдері жоспарланған оқу нәтижелеріне сәйкес жасалады, білім беру бағдарламасының мақсаттарына жауап береді және жалпы қабылданған критерийлер негізінде құрылады.	+			
52	Медициналық колледж студенттердің кәсіби дайындық деңгейін бағалауды және оларға біліктілік дәрежесін беруді қамтамасыз етеді.	+			
БАРЛЫҒЫ		18	1	1	0
«МҰҒАЛІМДЕР» стандарты					
53	Медициналық колледждің педагогикалық құрамы біліктілік талаптарына және білім беру бағдарламаларының ерекшеліктеріне сәйкес келеді.	+			
54	Медициналық колледжде кадрларды іріктеу білім беру бағдарламаларының қажеттіліктерін талдау негізінде жүзеге асырылады.	+			
55	Медициналық колледж мұғалімдердің барлық іс-әрекеттерінде жеке жоспарлаудың толықтығы мен орнықтылығын қамтамасыз етеді, жеке жоспардың нәтижелілігі мен тиімділігіне бақылау жүргізеді.	+			
56	Медициналық колледж мұғалімдердің жоспарланған жұмыс жүктемесінің барлық түрлерінің орындалуын дәлелдейді.	+			
57	Медициналық колледж оқу үрдісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, инновациялық әдістерді және оқыту формаларын қолдануда педагогикалық ұжым мүшелерінің күзиреттілігін көрсетеді.	+			
58	Медициналық колледж оқу үрдісіне ақпараттық технологияларды ендіру дәрежесін анықтайды, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың негізінде мұғалімдердің оқыту кезінде инновациялық технологияларды жасау мен қолдануда мониторинг жүргізеді.		+		
59	Медициналық колледж мұғалімдер құрамының қызметін бақылайды, мұғалімдердің күзиреттілігін жүйелі түрде бағалайды және оқыту сапасының тиімділігіне кешенді баға береді.	+			
60	Медициналық колледж оқу үрдісінде тиімді жұмысты қамтамасыз ететін педагогикалық ұжымның жағдайларға қанағаттану мониторингісін жүзеге асырады.	+			
61	Медициналық колледж жас мұғалімдерді дамыту және кадрлық резервті қалыптастыру бойынша мақсатты іс-шараларды қамтамасыз етеді.	+			
62	Медициналық колледж педагогикалық ұжымның және әкімшілік-	+			

	басқару қызметкерлерінің кәсіби және жеке дамуын, біліктілікті арттыру жүйесінің болуын көрсетеді.				
63	Медициналық колледжде мұғалімдер мен қызметкерлердің кәсіби және жеке дамуын ынталандыруға арналған жүйе жасалған.	+			
БАРЛЫҒЫ		10	1	0	0
«СТУДЕНТТЕР» стандарты					
64	Медициналық колледж оқу мен дайындықтың барлық кезеңдерінде материалдық-техникалық және оқу-әдістемелік мүмкіндіктерге сәйкес қабылданған студенттердің санын анықтайды.	+			
65	Медициналық колледж денсаулық сақтау саласында кадр ресурстарын жоспарлауға және дамытуға жауапты тиісті мүдделі тараптармен кездесулер барысында қабылданған студенттердің санын және контингентін үздіксіз қарастырады және тұтастай алғанда халықтың және қоғамның денсаулық сақтау қажеттіліктерін қанағаттандыруды реттейді.	+			
66	Медициналық колледж студенттердің алқалық басқару органдарында өкілдік ету саясатына ие, олардың білім беру бағдарламаларын әзірлеуге, басқаруға және бағалауына қатыса алады, сондай-ақ студенттік өмірдің басқа да сұрақтарына араласады.	+			
67	Медициналық колледжде медициналық білім беру ұйымының қызметімен студенттердің қанағаттануын бақылау үшін механизм құрылған.	+			
68	Медициналық колледж түлектердің жұмысқа орналасуына белсенді түрде көмектеседі, олардың кәсіптік қызметіне және мансаптық өсуіне бақылау жүргізеді, еңбек нарығында көтерілуге жәрдемдеседі.	+			
69	Медициналық колледж студенттердің мүдделері мен қажеттіліктеріне сәйкес, тиісті ресурстармен қамтамасыз ете отырып, білім беру бағдарламаларын тиімді меңгеру үшін қажетті жағдайлар жасайды.	+			
70	Медициналық колледж кәсіби тәжірибе кезеңінде кәсіптік күзінеттілікті меңгеру, мамандық бойынша кәсіби тәжірибені ұйымдастыру және өткізудің жоғары деңгейін қамтамасыз етеді.	+			
71	Медициналық колледж студенттердің жеке дамуына және тәрбиесіне жағдай жасайды (медициналық колледждің тәрбие қызметі).	+			
72	Медициналық колледж студенттер үшін ақпараттық қолдау мен қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді, студенттердің оқу, жеке және мансаптық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған студенттердің қолдау қызметіне қатысты үздіксіз бағалау механизмін анықтайды.	+			
73	Медициналық колледж кері байланыс жүйесінің жұмысын көрсетеді, ол студенттердің білімін бағалау нәтижелері туралы ақпараттың жылдам ұсынылуын қамтиды.	+			
74	Медициналық колледж студенттік қызметті және студенттік ұйымдарды қолдайды және көмек көрсетеді.	+			
БАРЛЫҒЫ		11	0	0	0
«РЕСУРСТАР: МАТЕРИАЛДЫ-ТЕХНИКАЛЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ» стандарты					
75	Медициналық колледжде оқу үрдісін ұйымдастыру үшін қолданылатын материалдық-техникалық, ақпараттық және білім	+			

	ресурстары жеткілікті болып табылады, білім беру бағдарламаларының талаптарына сәйкес келеді				
76	Студенттердің оқу ортасы, материалдық-техникалық және ақпараттық ресурстарды қосқанда, барлық білім алушыларға қолжетімді болып табылады, медициналық колледждің миссиясы мен стратегиялық мақсаттарына сәйкес келеді.	+			
77	Медициналық колледж оқу үрдісінде студенттер мен мұғалімдерге ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға мүмкіндік береді.	+			
78	Медициналық колледж студенттерге клиникалық тәжірибе алуды қамтамасыз етеді, тәжірибелік оқуға арналған қажетті ресурстарды ұсынады, студенттің тәжірибелік дайындығына арналған науқастардың жеткілікті базасы болады.	+			
79	Оқу үрдісінің материалдық-техникалық жабдықталуы мыналардан тұрады:				
80	заманауи техникалық оқу құралдарымен жабдықталған аудиториялар, оқу бөлмелері мен зертханалар, білім беру бағдарламаларына сәйкес келетін клиникаға дейінгі тәжірибенің оқу бөлмелері;	+			
81	компьютерлік сыныптар, оқу бөлмелері, мультимедиялық, лингофондық және ғылыми-әдістемелік кабинеттер;	+			
82	мұғалімдер мен студенттердің қолданысы үшін қолжетімді болатын көшірме құралдар.	+			
83	Оқу үрдісінің ақпараттық-әдістемелік жабдықталуы мыналардан тұрады:				
84	қағаз және электрондық түрдегі оқу, әдістемелік және ғылыми әдебиеттердің негізгі қоры; мамандықтар мен оқуы тілдеріндегі үздіксіз басылымдар.	+			
85	нормативтік-құқықтық құжаттар;	+			
86	жеке оқу-әдістемелік жұмыстар;	+			
87	видеотекалар, фонотекалар және медиатекалар және т.б.;	+			
88	бағдарламалық-ақпараттық жабдықтар;	+			
89	заманауи ақпараттық байланыс құралдары, оның ішінде сыртқы-Интернет, жергілікті-Интранет.	+			
90	Медициналық колледж веб-ресурстардың болуын көрсетеді, ол жерде колледждің миссиясы, стратегиялық мақсаттары мен міндеттері, сондай-ақ оны пайдаланудың тиімділігі көрініс табады.	+			
91	Медициналық колледж материалдық-техникалық базаны жаңарту, кеңейту және нығайту арқылы студенттің оқыту ортасын жақсартады, ол оқу тәжірибесінің дамуына сәйкес келуі керек.	+			
92	Медициналық колледж материалдық-техникалық ресурстар мен ақпараттық жабдықтың даму қарқынына, бюджетті жоспарлау және бөлу кезінде түзетуге арналған бағалау нәтижелерін қолдану тиімділігіне бағалау жүргізеді.	+			
БАРЛЫҒЫ		17	0	0	0
БАРЛЫҒЫ		85	2	1	0